



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Если владеть таким прекрасным голосом, то можно стать артистом-певцом и как любая звезда заработать на этом хорошее состояние.

Также в качестве будущего владельца интеллектуальной собственности можно написать интересную книгу или написать прекрасную картину. Затем оформить в качестве интеллектуальной собственности и отправить на реализацию. Все это подчеркивает то, что за счет информационного фактора, неординарного ума и соответствующих навыков можно получить высокую прибыль информационно-интеллектуального характера. Как говорится, совместить приятное с полезным. Ранее наши предки для получения необходимых доходов выкладывали все свои физические силы и занимались, в основном, тяжким физическим трудом. В условиях новой информационной экономики современное же поколение имеет возможность и зарабатывать и получать прибыли не столько физическим, а сколько преимущественно интеллектуальным трудом.

Список использованных источников:

1. Государственная программа «Информационный Казахстан – 2020». – Астана, 2013.
2. Государственная программа «Цифровой Казахстан – 2025». – Астана, 2017.
3. www.setevoi.ru

ӘОЖ: 338.012

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МАШИНА ЖАСАУ – ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Асылбекова Айдана Әлібекқызы

assylbekova_ai@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Э.Тлесова

Машина жасау кез келген индустриалды дамыған мемлекеттің маңызды салаларының бірі болып табылады. Барлыққұрал-жабдықтарды, машиналарды, станоктарды, аспаптарды және де халыққа арналған тауарларды өндіре отырып, машина жасау саласы агроөнеркәсіптік кешеннің, энергетикалық және металлургиялық салалардың, транспорт және басқа да экономика салаларының тұрақты қызметін қамтамасыз етеді. Машина жасаудың тұрақты дамуы мен сенімді жұмыс істеуі көп жағдайда экономиканың энергосыйымдылығы мен материалсыйымдылығын, еңбек өнімділігін, жеңіл өнеркәсіптің экологиялық қауіпсіздік деңгейін, сайып келгенде елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Бүгінгі таңда Қазақстан машина жасау саласында саланың инвестициялық деңгейінің жеткіліксіздігімен, ішкі және сыртқы нарықтағы өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейімен, білікті кадрлардың жетіспеушілігімен байланысты жүйелі мәселелер бар.


Қазақстандық машина жасау ең маңызды салалардың бірі болып табылады, ол экономиканы жаңа технологиялық тәртіптерге алып келеді. Алайда, машина жасау осы міндетті өндіру аппаратын жылдам жаңартып, техникалық қайта жаратқандырған жағдайда орындай алады. Бұл міндетті шешу мемлекеттің тек қаржыландыру жағынан ғана емес, саяси жағынан да қатаң араласуын талап етеді.

Қазақстандық машина жасаубазалық жүйе қалыптастыратын сала сияқты дағдарыстық құбылыстарға неғұрлым бейім болып келеді. Осылайша, 2008 жылғы машина өнімдеріне сұраныстың инвестициялық сипатымен байланысты дағдарыс кезінде машина жасау саласы басқа салаларға қарағанда көбірек зардап шекті. Машина өнімдеріне сұраныстың өсуіне әсер ететін басты факторлар соңғы жылдары мұнай-газ саласына инвестицияның өсуі мен құрылыстың ауқымды дамуы болып табылады. Дағдарыс басталысымен, тұтынушы сала компаниялары бірінші кезекте өндірісті кеңейту мен жаңғыруға арналған үлкен инвестициялардан бас тартады. Сол уақытта қаржылық саладағы дағдарыс халықтың

несиелік ресурстарының қол жетімділігін төмендетуге алып келеді, сонымен қатар сұраныстың қысқаруынан білінеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан машина жасау өндірісінің құрамында тау-кен металлургия, ауыл шаруашылық, мұнай-газ, әскери және транспорттық өнеркәсіп жетекші орын алады. Қазақстан Республикасының жалпы өңдеуші өнеркәсібінің ішінде машина жасау кешенінің үлесі 2017 жылы 11,18%-ды құрады, ЖІӨ ішінде 2%-ды құрады. Сонымен қатар жалпы экспорт көлемінің 3,4%-ы, импорттың 40,6%-ы келеді. Машина жасау өнімдерінің ішкі нарығында қазақстандық өндіріс бұйымдарының үлесі шамамен 13%-ды құрайды, мемлекеттің қалған 87% қажеттіліктері шетелдік жеткізілімдердің (көбінесе ресейлік) есебінен жабылады [2].

Сонымен, 2017 жылы машина жасау саласында 536 876 млн. тенге шамасында немесе 2016 жылға қарағанда 19,0%-ға артық өнім өндірілді (сурет 1). Машина жасау саласы физикалық көлемінің индексі 119,0%-ды құрады. Сайып келгенде, 2013-2017 жж. аралығында ҚР машина жасау саласында өндірілген өнім көлемі 1779999 млн. тенгені құрады. Осы кезеңде өндірілген өнімнің орташа жылдық деңгейі 355999,8 млн. тенге. 2015-2017 жж кезеңіндегі өнеркәсіп өндірісінің көлемінің өсуі отандық өндірістегі мұнай-газ құрал-жабдықтарына сұраныстың артуымен тығыз байланысты [1].



Машина жасау саласындағы соңғы жылдардағы оң үрдістер рентабельділік көрсеткіштерін 2013 жылғы 5,8%-дан 2017 жылғы 10,0%-ға дейін көбейтті (сурет 2).

Бәсекеге қабілеттілік пен отандық машина жасау саласының экспорттық әлеуетінің артуы салаға ірі инвестициялар тартылмаса мүмкін емес, ал оларды өз кезегінде инвестиция тартымдылығының қазіргі деңгейімен тарту екіталай. Өкінішке орай, машина жасау саласының ішкі салаларының рентабельділігі 10,0% бүгінгі таңда шетелдік инвесторларды да, ұлттық инвесторларды да қызықтырмайды, себебі олар қайтарымын 10 жылдан кем емес уақытта алады. Мұнай саласындағы инвестиция салу 35-80% рентабельділік кезінде шамамен 3 жылдан кейін орнын толтырады [4].



Машина жасау саласының дамуындағы негізгі мәселелер:

- кәсіпорындардың технологиялық артта қалуы, өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмен деңгейі;
- әлемдік өндірушілермен байланыстың, конструкторлық құжаттамаға қол жетімділіктің жоқтығы;
- инвестицияның аз мөлшері;
- зауытаралық кооперацияның жоқтығы;
- жабдықтардың тозуының жоғары деңгейі;
- білікті кадрлардың тапшылығы;
- сатудан кейінгі қызмет көрсетудің төмен деңгейі [6].

Бүгінгі таңда мемлекет алдында маңызды міндет түр – ең маңызды және перспективалы технологиялық бағыттар таңдау, себебі оның үлкен территориясымен және халықтың аз мөлшерімен машина жасау барлық саласының жоғары деңгейде дамыту мүмкін емес. Сондықтан ең бірінші кезекте дамыту керек басымдықтар мыналар:

- мұнай;
- ауыл шаруашылығы;
- тау-кен металлургия;
- транспорттық;
- электр жабдықтарын өндіру.

Ауылшаруашылық машина жасау болашақтағы басым бағыттары мыналар болып табылады:

- шынжыр табанды және дөңгелекті тракторлар өндіру үшін ТМД елдерімен бірігіп жұмыс жасауды дамыту;
- ТМД елдерінің кәсіпорындарымен бірігіп астық жинайтын комбайндар ұйымдастыру;
- ауыл шаруашылығы өндірісі үшін жоғары технологиялы көліктер, құралдар жасақтау және ұйымдастыру [1].

Қазақстандық транспорттық машина жасаудың салалық нарықтарына ең алдымен теміржол машинасын жасау, автомобиль саласы жатады. Теміржол машиналарын жасаудың басымдықтары: локомотивтер өндірісі, теміржол цистерналарын өндіру, вагондарды, жартылай вагондарды, жол жұмыстарын жасауға техникаларды, контейнерлерді өндіру мен қайта өңдеу. Ақпараттық технологиялар мен электронды техника салаларын дамыту үшін республикада «Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық ауданы құрылған. Одан басқа, машина жасаудың осы саласының даму перспективалары электротехникалық және электрондық өнімдер шығару үшін Қазақстанның әлемдік ірі өндірушілерімен бірігуімен байланысты болуы мүмкін.

Жоғарыда аталған машина жасау салаларының дамуы мақсатымен Қазақстанда оларды қолдау үшін шаралар қолданылып жатыр. Лизингтік қызметтер де белсенді дамып жатыр. Лизингті енгізу мен дамыту негізгі құралдарды жаңартуды тездетеді, өйткені лизингтің өзі кепіл ретінде болады, басқа кепілдікті талап етпейді. Бүгінгі таңда Қазақстанда екі жүзден астам лизингтік компаниялар бар. Ауылшаруашылық техникаларын лизингке жеткізу бойынша «ҚазАгроФинанс» лизингтік компаниясы жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта «Қазақстан Даму Банкі» АҚ шеңберінде еншілес «БРК-Лизинг» АҚ лизингтік компаниясы құрылды, оның негізгі мақсаты машина жасау кәсіпорындарының негізгі қорларын жаңартуға қажетті шаралар құру болып табылады. Машина жасау саласындағы жобаларды «Қазақстан Даму Банкі» АҚ мен «Қазақстанның инвестиция қоры» АҚ даму институттарымен қаржыландыру жүріп жатыр. Сонымен қатар «Экспортты сақтандыру бойынша корпорация» АҚ арқылы отандық машина жасау өнімдерін экспорттау-импорттаумен байланысты тәуекелдерді сақтандыру қолданылады [7].

Қазақстан машина жасау саласының алдында тұрған басты сұрақ – инновациялық технологиялар мен жылдамдатылған жаңғыртуды енгізу, тағы бір мәселе – кадрлар мәселесі, онымен үлкен жұмыстар жасалу үстінде.

Интеграциялық процестерді тереңдетумен өндірістің импорт алмастырушы сипаты экспортқа бағдарлануға ауысуы керек. Шынында да, соңғы уақытта Қазақстанда транспорттық құралдар (теміржол, автомобиль) өндірісі дамып келе жатыр, соның ішінде Беларусь, Ресей компанияларымен біріккен кәсіпорындар.

Қазақстан машина жасауының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ЕЭК-тегі серіктестермен жақын болашақта дамуының негізгі бағыттары мыналар болуы керек:

- отандық техника базасында саланың меншікті өндірістік аппаратын техникалық қайта жаратқандыру және кешенді жаңғырту;
- Қазақстан экономикасының басқа да салаларының қазіргі өндірістік аппаратын техникалық қайта жаратқандыру;

Қазақстан машина жасауының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тағы бір факторы:

- Адам капиталын дамыту. Машина жасау кешені, Қазақстан экономикасының өсім драйверлерінің бірі, қазіргі уақытта өзінің интеллектуалды потенциалын қайта орнына келтіру кезеңін өткізіп жатыр. Элемдік нарықтағы тиімді бәсеке барлық жас топтарының теңдігін талап етеді: жас мамандардан тәжірибелі шеберлерге дейін. Алайда елдің машина жасау зауыттары аға буын шеберлерді заманауи технологияларға баулитын 35-40 жастағы жоғары маманданған мамандар жетіспеушілігінен зардап шегуде. Осыған байланысты ішкі корпоративті оқыту мен қызметкерлерді жетілдірудің әр түрлі нысандарына көп көңіл бөлінуде. Сонымен қатар, жастарды экономиканың нақтылы секторына шақырудың стандартты емес жолдарын табу маңызды [5].

Сонымен, машина жасау кешені – біздің елдің ең маңызды және күрделі салааралық кешендерінің бірі болып табылады. Ол біртіндеп дағдарыстан шығып және заманауи нарықтық жағдайларға сай жұмыс жасап, дамып келеді. Тұтас алғанда, Қазақстан экономикасының өсуі машина жасау саласының озық өсімімен бірге болуы керек. Ол өнеркәсіп кәсіпорындардағы механикаландру деңгейін көтеруге және республика экономикасының барлық салаларындағы еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Казахстан в 2011 году: Статистический ежегодник. – Астана, 2012. – 496 с.
2. Промышленность Казахстана и его регионов: Статистический сборник. – Астана, 2012. – 230с.
3. Внешняя торговля Республики Казахстан за 2007-2011 гг.: Статистический сборник. – Астана, 2012. – 176 с.
4. Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010-2014 годы. Указ Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958.

5. Программа по развитию машиностроения в Республике Казахстан на 2010-2014 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 сентября 2010 года № 1002.
6. Абдужапаров А.С., Жумабекова С.А. Современные проблемы машиностроения в разрезе процесса модернизации // Горные машины. – № 6, 2011. – С. 18-22.
7. Павел Беклемишев: машиностроение в Казахстане может развиваться в направлении инфраструктурных инноваций// Электронный ресурс.
<http://articles.gazeta.kz/art.asp?aid=312433>

УДК 330.47.

ИНФОРМАЦИЯ И СОБСТВЕННОСТЬ В КАЧЕСТВЕ ДОСТИЖЕНИЯ МАТЕРИАЛЬНОГО И ДУХОВНОГО БОГАТСТВА

Ахметов Арман Куанышбаевич

armanakhmetov25@gmail.com

Студент Казахско-Русского Международного Университета

Актобе, Казахстан

Научный руководитель – Садыков Туртубек Умутканович

Под воздействием информации собственность развивается и превращается в различные её формы функционирования. В свою очередь, в количественном и качественном смысле функционирующие такие различные формы собственности интенсивно влияют как на материальные, так и на духовные стороны богатства. Вместе с тем, по поводу сочетания, взаимопревращения и совмещения материального и духовного богатства у субъектов формируются также различного рода целевые установки.

Например, каждый из нас имеет конкретные материальные цели, мы можем перечислять их долго, они четкие и ясные. Однако можем ли мы с такой же легкостью назвать духовные цели? Дело в том, что вся наша жизнь представляется как результат наших действий. В свою очередь, действия выражаются в качестве результата наших мыслей, а наши мысли выступают отражением нашего сознания. Отсюда логично подметить, что чем богаче (духовнее) сознание, тем богаче наши мысли и желания, тем разнообразнее и интереснее наша материальная жизнь [1].

Поэтому в соответствии с основополагающими законами природы, общества, экономики и информации происходят непрерывные разнообразные экономические процессы превращения и взаимопревращения одних материальных форм в другие. Подчеркнём, что на характер протекания экономических процессов влияют не только законы природы, общества и экономики, но также законы сохранения и изменения информации, информационного единства, информационного равновесия, кодирования и декодирования, материализации и дематериализации информации [2,3].

На пороге тридцатых годов третьего тысячелетия среди проблем собственности одной из наиважнейших является повсеместный переход к её самой новой и самой эффективной форме, представленной как интеллектуальная форма собственности. В этой связи наряду с освоением рыночного хозяйства необходимо одновременное формирование разнообразных видов интеллектуальной собственности, а также основ новой социально – ориентированной информационной экономики.

Теоретические моменты информационно – категориального анализа такой новой экономики выражаются в информационной позиции видения единой картины мира, информационной диалектике и информационном подходе. В практическом смысле нужен повсеместный равномерный переход к информационной социально – ориентированной экономике, ядром которой является креативная разновидность интеллектуальной формы собственности.